

"Сот сараптамасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 20 мамырдағы N 51 Заңы

"Сот сараптамасы туралы" 1997 жылғы 12 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 21, 276-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 21-22, 281-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; N 24, 153-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 1-баптың алтыншы абзацындағы "мемлекеттік органдар" деген сөздер "мемлекеттік мекемелер" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 4-баптың 3) тармақшасындағы "мемлекеттік органдарының" деген сөздер "мемлекеттік мекемелерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 10-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі "және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің комиссиясында аттестациядан өтуі" деген сөздер алып тасталсын;

4) 1 5 - б а п т а :

1-тармақтағы "(түрлерін)" деген сөз алып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сараптаманың белгілі бір түрін жүргізу құқығына сот сарапшысының біліктілік қуәлігін тиісінше Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің немесе Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органының біліктілік комиссиясы

б е р е д і .

Біліктілік комиссияның қызмет тәртібі мен құрамын тиісінше Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі немесе Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органы айқынрайдай";

5) 16-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"16-бап. Сот сарапшысын аттестациялау

Кәсіптік даярлығының деңгейін анықтау мақсатында тиісінше Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің немесе Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органының Аттестациялық комиссиясы сот сарапшыларын әрбір бес жыл сайын аттестациялаудан өткізуге тиіс.

Аттестациялық комиссияның қызмет тәртібі мен құрамын тиісінше Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі немесе Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органы айқынрайдай".

Казақстан *Республикасының*

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК